



# ОРТАЛЫҚ

ӨНДІРУ КӘСІПОРНЫ  
ДОБЫВАЮЩЕЕ ПРЕДПРИЯТИЕ

“ОРТАЛЫҚ” Өндіру кәсіпорны” ЖШС  
ООО “Добывающее предприятие “ОРТАЛЫК”

## «ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС сапа менеджменті, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджментінің САЯСАТЫ

Осы сапа менеджменті, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласының Саясаты (әрі қарай – Саясат) «ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС-нің (әрі қарай – Кәсіпорын) сапа менеджменті, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету менеджменті саласындағы ортақ қағидаларды, ниет пен міндеттерді анықтайтын ішкі құжаты болып табылады.

Кәсіпорын шығаратын өнімнің негізгі түрі, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Президентінің 25 шілде 2008 ж. №117 Бұйрығымен бекітілген «Уран концентраты. Техникалық шарттары» ҰАК СТ 12-2007 №1 Өзгертулер, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Төрағасының 21 ақпан 2013 ж. №23 бұйрығымен бекітілген №2 Өзгертулер және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Төрағасының м.а. 29 қыркүйек 2017 ж. №211 бұйрығымен бекітілген №3 Өзгертулердің талаптарына сәйкес келетін, табиғи уранның химиялық концентраты болып табылады.

Өзінің өндірістік қызметін жүзеге асыру барысында Кәсіпорын басшылығы Қатысушылар мен қызметкерлер, сонымен қатар, келешек ұрпақ алдындағы денсаулықты қорғау, ураны бар өнімді өндіру мен қайта өңдеу бойынша жұмыс жүргізу барысында қауіпсіздікті сақтауға қатысты, Кәсіпорын қызметіне қатысы бар басқа да тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының реттеуші және заңнамалық құжаттарының талаптарына, Қазақстан Республикасымен қабылданған халықаралық келісімдер экологиялық қауіпсіздікті жан-жақты сақтау мен өндірістік қызмет жүзеге асырылатын жерлерде табиғи ортаны сақтау мен біздің Кәсіпорынға қолданылатын және бізбен қабылданатын басқа да талаптарға сәйкес жауапкершілікті толықтай сезінеді.

Кәсіпорын басшылығы сапаны қамтамасыз ету, экология, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша барлық жауапкершілікті өзіне алады және Саясатқа мүлтіксіз еруге ниетті, Кәсіпорынның әрбір қызметкерін де осыған шақырады.

Саясат Кәсіпорынның барлық қызмет түріне, оның құрамына енетін барлық бөлімдер мен Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне таралады.

Кәсіпорынның сапа менеджменті, экологиялық менеджмент жүйесі, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті жүйесінің **ҚАҒИДАЛАРЫ:**

- ✦ Кәсіпорынның уран өндіру мен қайта өңдеу бойынша қызметінің барынша тиімді болуын қамтамасыз ету, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің ұзақ мерзімді және орташа мерзімді мәндеріне, стратегиялық бастамаларының, сонымен қатар Серіктестік қатысушыларының басқа да болжауларына жету;
- ✦ Сапалы дайын өнім шығаруды қамтамасыз ету, ақауларды анықтау мен алдын алу, өнім сапасын әрі қарай жақсарту бойынша шараларды уақтылы қолдану;
- ✦ Сапа менеджменті, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті, экологиялық менеджмент жүйесі саласы бойынша қолданыстағы заңнамаға, Қазақстан Республикасымен қабылданған халықтаралық келісімдерге, оған қоса, Кәсіпорынға қолданылатын және бізбен қабылданатын басқа да талаптарға сәйкес болу;
- ✦ Өндірістік, экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті барлық қолжетімді техникалық және әкімшілік әдістермен қамтамасыз ету;
- ✦ Өндірістік қызметтің қызметкерлерге (халыққа) және эмиссиялардың қоршаған ортаға әсерін азайту, энергия тұтыну мен парниктік газдардың атындыларын төмендету;
- ✦ Қызметті қорларды теңгерімді пайдалануды, қоршаған ортаға кері әсерді және өндірілетін қалдықтардың санын азайту, қалдықтарды қауіпсіз және жауапты түрде жоюды есепке ала отырып кеңейту және жүргізу;
- ✦ Кәсіпорынның ұзақ мерзімді стратегиялары шеңберінде қауіпсіз және тұрақты түрде даму;
- ✦ Қызметкерлердің денсаулығына ұқыпты қарау, жұмысшылардың еңбек жағдайы мен өндіріс мәдениетін үздіксіз жақсарту;
- ✦ Өндірістік апаттар мен қоршаған ортаның апаттық ластануының алдын алу;
- ✦ Қолданыстағы және жаңадан енгізілетін технологияларды әрдайым жетілдіру;
- ✦ Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік өкілетті органдар мен халықаралық ұйымдармен әрдайым өзара қатынаста болу;
- ✦ Қоршаған орта, еңбек жағдайы, радиациялық қауіпсіздік жағдайы туралы мүдделі тұлғалардың хабардарлығын қамтамасыз ету.

Кәсіпорын сапа менеджменті, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласында келесі **МАҚСАТҚА** ие:

- ✦ Өндірістік үдерістер қауіпсіздігінің, өндіріс мәдениетінің жоғары деңгейіне жету арқылы қауіпсіз және дұрыс еңбек шарттарымен қамтамасыз ету;
- ✦ Сапа менеджменті, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласында енгізілген және біріктірілген менеджмент жүйесін әрдайым жақсарту;
- ✦ Менеджмент жүйесінің халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкестігіне ішкі аудит жүргізу, сапа менеджменті, экологиялық менеджмент жүйесі, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласындағы құжаттандырылған үдерістер мен нормативті-техникалық құжаттарды әрдайым жаңартып отыру;



- ✦ Кәсіпорын қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының өндірістік қауіпсіздікке қатысты басымдығының қағидаларын тұрақты түрде және мүлтіксіз жүзеге асыру;
- ✦ Кәсіпорын қызметкерлерінде өндірісте қауіпсіз әрекет етудің тұрақты уәждемелі механизмін қалыптастыру, жұмысшыларда өндірістегі қақтығыстардың пайда болуының алдын алу мен болжау қабілетін дамыту;
- ✦ Қызметкерлердің біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыру, кадрлық әлеуетті өндірістің қауіпсіз және заманауи технологияларына оқыту.

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС сапа менеджменті саласында, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласында қойылған мәселелерді жүзеге асыру мақсатында келесі **МІНДЕТТЕРДІ** қабылдайды:

- ✦ Өндірістік үдерістерді, өнім сапасын жаңа техникалық зерттемелерді, ғылыми іздеулерді, Тұтынушы қажеттілігін және Қатысушылардың болжалын ескеріп жетілдіру;
- ✦ Дайын өнімнің сапасына әсер беруі мүмкін тәуекелдерді теңестіру, Тұтынушының қанағаттанушылығын арттыру мүмкіндігі, тәуекелдердің жүзеге асу себебіне жедел әсер ету мақсатында алдын алу шараларын уақтылы орындау;
- ✦ Тәуекелдер реестрін анықтау және қызметкерлер үшін тұрақты түрде оларды азайту жолдарын іздестіру, оның ішінде, қызметкердің өмірі мен денсаулығына зарар келтіру мүмкіндігімен байланысты қауіпті және зарарлы өндірістік факторларды азайту, тәжірибелік әрекетте «оқыс оқиғаларға тергеу жүргізу» тәжірибесінен «болуы мүмкін оқыс оқиғаларды талдау, өндірістік қызметкерлердің әрекеттерін, еңбек шарттарын, технологиялық жабдыктардың, құралдар мен жарактардың ахуалын талдау» тәжірибесіне өту;
- ✦ Қауіпсіз өндірістік үдерістер мен жабдыктарды, заманауи автоматтандырылған басқару жүйесі мен технологиялық үдерістерді бақылауды енгізу арқылы жерасты суларына теріс әсерді азайту үшін қоршаған ортаның экологиялық аспектілерінің реестрін анықтау;
- ✦ Басшылық пен қызметкерлердің өнім кезеңінің барлық сатыларында апат салдарын, табиғи және техногенді сипаттағы апатты жағдайлардың алдын алу мен жоюға тұрақты түрде дайындығын қамтамасыз ету. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басшылығын, мемлекеттік өкілетті органдар мен тұрғындарды оқиғалар, қақтығыстар мен апаттар туралы уақтылы және белгіленген тәртіп бойынша хабардар ету;
- ✦ Қалпына келмейтін табиғи қорларға, барлық қорларды тиімді пайдалану, қалдықтар санына азайту, қайталама шикізатты максималды пайдалану арқылы, үнемді өндіріс қағидаларын ұстану;
- ✦ Зиян қалдықтар мен төгінділерді қысқарту;
- ✦ Жұмыс орындарында санитарлы-гигиеналық және радиациялық-қауіпсіздік еңбек жағдайларын әрдайым жақсартып отыру, табиғатты ластаудың алдын алу бойынша іс-шараларды әрдайым қолданыстық жағдайда сақтау, табиғатты қорғау жағдайларын әрдайым жақсартып отыру;
- ✦ Қоршаған ортаның ластануы қызметкерлері үшін төтенше жағдайлар мен басқа да қауіптердің алдын алу;
- ✦ Үдемелі халықаралық және отандық тәжірибені қолдану арқылы қызметкерлерге еңбекті қауіпсіз ұйымдастыру мен жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін оқытуды қамтамасыз ету;
- ✦ Жаңа техникалық әзірлемелерді, ғылыми іздеулер, Тұтынушылардың қажеттіліктері мен Қатысушылардың болжалдарын ескеріп, еңбек жағдайларын, қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын жақсарту мақсатында өндірістік үдерістерді әрдайым жетілдіріп отыру;
- ✦ Осы Саясатты іске асырып, барлық мүдделі тараптармен әлеуметтік серіктестік пен ашық диалог қағидалары негізінде сапа менеджменті саласында, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласында Кәсіпорын қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✦ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкес біріктірілген менеджмент жүйесінің нәтижелілігін әрдайым жетілдіріп отыру.

Кәсіпорынның сапа менеджменті саласында, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласындағы Саясаты заңнама мен ғылыми-техникалық прогрестерде өзгеріп жатқан талаптарды көрсету үшін кемінде 3 жылда 1 рет немесе қажеттілігіне қарай мерзімді бағалаудан өту мен жаңартуды қажет етеді.

Кәсіпорынның сапа менеджменті саласында, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласындағы Саясаты «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның сапа менеджменті саласында, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласындағы Саясатынан бағдар алады және өз тұжырымдамасында оған қайшы келмейді.

«ОРТАЛЫҚ» Өндіруші кәсіпорны» ЖШС сапа менеджменті саласында, экологиялық менеджмент, кәсіби қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті саласындағы Саясаты барлық мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болып табылады және онымен еркін танысуға болады, Кәсіпорынның қызметкерлерінің назарына жеткізілген және олармен қабылданған.

